

**№2 Консерві зауытын салудың немесе қайта жаңартудың техникалық-экономикалық негіздемесі. Технологиялық жобалаудың мақсаты. Жобаның құрылымы Технологиялық есептемелерді орындау реттілігі.**

Дәріс жоспары:

1. Кәсіпорын құрылысының технико-экономикалық негіздемесі
2. Технологиялық жобалаудың мақсаты.
3. Жобаның құрылымы және оларға сипаттама
4. Технологиялық есептемелерді орындау реттілігі.

### **Кәсіпорын құрылысының технико-экономикалық негіздемесі**

Технико-экономикалық негіздемесі жобаланатын кәсіпорынның шикізат ресурсына және шығарылатын дайын өнімнің халыққа қажеттілігіне байланысты қуатын сипаттайды. Сонымен қатар мұнда диплом алдындағы іс-тәжірибеде алынған ақпараттар бойынша зауыт (цех) жобасының орналасу ауданы, топырақты-климаттық жағдайы, ауылшаруашылығының дамуы, жеміс-көкөністі жинау, түсімі, оларды жас күйінде жергілікті тұрғындардың тұтынуы, шикізатты зауытқа жеткізу әдістері көрсетіледі.

Технико-экономикалық негіздеме бөлімінің соңында жобаланатын зауыттың электр, су, бу, жылумен жабдықталуы, жұмыс күнімен, ағынды су құбырларымен, құрылыс материалдарымен, жүру жолдарымен, қоғамдық транспортпен қамтамасыз етілуі қысқаша баяндалады. Және жергілікті метеорологиялық қызмет мәліметтері бойынша зауыт орналасатын ауданның ауа-райы, климаттық жағдайы көрсетіледі, мұны жобаның архитектуралы-құрылыс бөліміне немесе бас жобаны орындауда ескеру керек.

### **Технологиялық жобалаудың мақсаты.**

Технологиялық жобалаудың мақсаты - өнімдерді тиеу және сақтау процестерінің ұйымдастырылуын, олардың жылулық өңделуін, дайын өнімдердің сақталуын жүзеге асырылуын, өндірістік цехтардағы технологиялық құрал-жабдықтардың қойылуын ұйымдастыру болып табылады.

Жоба - түсіндірме жазбалардан, сызбалардан тұрады.

Типтік жоба - белгіленуі бойынша бірдей объектілерді салу кезінде бірнеше рет қолдану үшін арналған жобаны айтады.

Жекеленген жобалар - көп функциялы ірі объектілерді салу үшін қарастырылған.

### **Жобаның құрылымы және оларға сипаттама**

Құрылыс нысанасы бойынша жүргізілетін жобалау жұмыстарын тапсырыс беруші ұйыммен жасалған келісім-шарт бойынша жобалау мекемесі орындайды. Егер жан-жақты зерттеу жұмыстарына бірнеше жобалаушы ұйым қатысса, соның біреуі негізгі жобалаушы болып табылады.

Жобаны бір топ білікті мамандар іске асырады. Әрқайсысы жеке бөлімдерді (құрылыс, технологиялық, сантехникалық, экономикалық және т.б.) жете зерттейді. Әр жобаланатын кәсіпорын бойынша жауапты адам - бас сәулетші немесе жобалаушы бас инженер белгіленеді. Жобаның әр-бір бөліктері бір-бірімен тығыз байланыста болады. Құрылыстың аяқталу мерзіміне, сапасына, техникалық дәрежесіне, тиімділігіне, мөлшер сәйкестігіне мамандар жауап береді.

Жобаға ереже бойынша сәулет-құрылыс, технологиялық, техника-экономикалық бөлімдер кіреді.

Сәулет-құрылыс бөліміне - ғимараттың конструктивтік шешімі мен көлемді — жобасының жалпы сипаттамасы келтірілген түсіндірме хат; цехтың барлық негізгі өлшемдері көрсетілген жоспары; зауыттың бас жобасы; ғимараттың технологиялық қондырғыларды қосқандағы қимасы жатады.

Технологиялық бөлімінің құрамына - түсіндірме хат (кәсіпорынның негізгі технологиялық сипаты, қажетті сипаттамалар мен есептер); цехта орналастырылған құрал-жабдықтар мен қондырғылардың саны, сипаты және т.б. кіреді.

Техника-экономикалық бөлімде негізгі технико-экономикалық көрсеткіштер, кәсіпорынның су көздерімен, газбен, жылумен қамтамасыз етілуі көрсетіледі.

### **Технологиялық есептемелерді орындау реттілігі.**

Жобалаудың есебі - өзінің технологиялық құрылымына сәйкес жауап беретін құрылыстық - жобалаудың конструкторлық шешіміне және құрылыспен архитектура облысындағы прогрессивті тенденцияларға жауап беретін құрал-жабдықтармен жабдыкталынған ғимараттың жобасын жүргізу болып табылады.

Жобалау тапсырмасында келесі мәліметтер орын алады: кәсіпорын атауы, жоба жасаудың негізі, құрылыс түрі (жаңадан тұрғызу, қайта құрастыру, кеңейту), құрылыс орны; кәсіпорын қуаттылығы; кәсіпорынның жұмыс істеу тәртібі; кәсіпорынды құрылыс және пайдалану кезінде шикізат, су, жылу, газ, электр қуатымен қамтудың негізгі көздері, ағынды суларды тазартудың және тастаудың шарттары; негізгі технологиялық процесстер және құрал-жабдыққа қойылатын талаптар; өндіріс басқарудың автоматтандырылған жүйесін жасау қажеттілігі; құрылыс мерзімі; күрделі қаржы мөлшері және негізгі техника-экономикалық көрсеткіштер.

Кәсіпорын, ғимарат және құрылым қала ішінде орын алса, жобалаушы мекемеге элеуметтік-жоспарлау тапсырма, сондай-ақ, бөлімшенің құрылыс және техникалық төлқұжаты беріледі. Техникалық төл құжатта құрылыс ауданында жүргізілген инженерлік және экономикалық ізденістердің нәтижелелері келтіріледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Техничко-экономикалық негіздемесінде қандай мәліметтер көрсетіледі?

2. Технологиялық жобалаудың мақсаты не?
3. Жоба неден тұрады?
4. Жобаның құрылымына не кіреді және оларға сипаттама бер.
5. Жобалау тапсырмасында қандай мәліметтер орын алады?